

Қазақстан Республикасында бірыңғай ақпараттық кеңістікті дамыту және "Ұлттық ақпараттық технологиялар" жабық акционерлік қоғамын құру туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2000 жылғы 4 сәуірдегі N 492 қаулысы

"Қазақстан Республикасының бірыңғай ақпараттық кеңістігін қалыптастыру туралы"
"Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 9 желтоқсандағы N 3787 Жарлығын іске асыру және елдің бірыңғай ақпараттық жүйесін құру мақсатында
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі мен Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Бірыңғай ақпараттық кеңістікті қалыптастыру жөніндегі жұмыстар мен мемлекеттік мекемелерді ақпараттандыру процестерін үйлестіру жөніндегі комиссияның қорытындысын ескере отырып, 10 күн мерзімде мынадай мәселелер:

1) ақпараттық рынок пен бәсекелестікті орта құру, монополияға қарсы мемлекеттік саясат жүргізу жолымен меншіктің барлық нысандарының теңдігі жағдайында ақпараттық ресурстарды қалыптастыру және қолда барын пайдалану;

2) берілген ақпаратқа интеллектуалдық меншікті қорғау;

3) мемлекеттің, қоғамның, азаматтың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

4) азаматтардың ақпараттарды алуға арналған конституциялық құқықтарын іске асыру ;

5) ақпараттандыру жағдайларында азаматтардың құқықтарын қорғау, ақпарат және ақпараттандыру саласындағы құқық бұзушылықтар үшін жауаптылық жөніндегі қажетті заңдар базасы бойынша қосымша ұсыныстармен бірге Қазақстан Республикасында бірыңғай ақпараттық кеңістікті қалыптастырудың және дамытудың мемлекеттік бағдарламасының жобасын пысықтасын.

2. Жарғылық капиталында мемлекеттің 100% қатысу үлесімен "Ұлттық ақпараттық технологиялар" жабық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) құрылсын.

3. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі заңдарда белгіленген тәртіппен:

Қоғам мемлекеттік ақпараттық жүйелерді құру және олардың өзара іс-қимылын ұйымдастыру жөніндегі уәкілетті ұйым болып табылатыны белгіленсін;

Қоғамның жарғылық капиталын қалыптастыруды және оны мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін ;

оның құрамына Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің (төраға), Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық

қауіпсіздік комитетінің (келісім бойынша) өкілдерін енгізе отырып, Қоғамның Директорлар кеңесін құруды қамтамасыз етсін;
осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын;

Мемлекеттік органдарды ақпараттандыру жөніндегі ақпараттық жүйелерді аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу ережесін әзірлесін және б е к і т с і н .

Ескерту. 3-тармақ толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2000.10.05. N 1501; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 11.11.2016 № 696 қаулыларымен.

3-1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген т ә р т і п п е н :

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген резервінен Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне "Ұлттық ақпараттық технологиялар" ЖАҚ-ның жарғылық қорын қалыптастыру үшін 72 500 (жетпіс екі мың бес жүз) теңге бөлсін;

2) 2001 жылға арналған республикалық бюджетті іске асыру туралы қаулының жобасын әзірлеу кезінде мемлекеттік органдарды ақпараттандыру жөніндегі бюджеттік бағдарламаның әкімшісі Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі болып табылатынын көздерінен.

Ескерту. 3-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2000.10.05 N 1501 қаулысымен .

4. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында белгіленген тәртіппен құжаттар келіп түскен кезде бір апта мерзімде Қоғамды мемлекеттік тіркеуді жүргізсін.

5. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктер мен өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасының Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігіне" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 160-1-жолмен толықтырылсын:

"160-1 "Ұлттық ақпараттық технологиялар" ЖАҚ".

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесіне жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

